

## 2014 жылғы қазан айы үшін «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2014 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі - ЗА) 4 358,04 млрд. теңгені құрады.

### Зейнетақы активтерінің портфелі

1-кесте. Қаржы құралдарының түрлері және олардың үлестері бойынша БЖЗҚ ЗА портфелінің құрылымы.

Қаржы құралының түрі	01.04.14 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.04.14 үлесі	01.10.14 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.10.14 үлесі	01.11.14 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.11.14 үлесі	ЗА өсімі
ҚР МБҚ	1 879,44	47,42%	2 092,90	48,70%	2 064,38	47,37%	-1,36%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	134,71	3,40%	112,87	2,63%	88,49	2,03%	-21,60%
ХҚҰ	76,54	1,93%	84,42	1,96%	84,16	1,93%	-0,31%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	847,48	21,38%	884,78	20,59%	910,48	20,89%	2,90%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	41,48	1,05%	54,33	1,26%	99,25	2,28%	82,70%
PPN (құрылымдық ноттар)	71,20	1,80%	59,33	1,38%	52,66	1,21%	-11,24%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	177,16	4,47%	166,62	3,88%	150,34	3,45%	-9,77%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары	12,49	0,32%	11,87	0,28%	10,76	0,25%	-9,31%
Туынды құралдар	-	-	0,58	0,01%	-2,28	-0,05%	-490,03%
Депозиттер	275,90	6,96%	652,10	15,17%	714,20	16,39%	9,52%
РЕПО	11,51	0,29%	20,00	0,47%	6,22	0,14%	-68,92%
Инвестициялық шоттағы ақшалар	266,77	6,73%	122,99	2,86%	155,73	3,57%	26,62%
Басқа активтер (төлем шоттарындағы ақшалар)	-	-	34,59	0,80%	23,65	0,54%	-31,64%
<b>ЗА барлығы</b>	<b>3 963,68</b>	<b>100%</b>	<b>4 297,40</b>	<b>100,00%</b>	<b>4 358,04</b>	<b>100,00%</b>	<b>1,41%</b>

2014 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелін өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,48% құрады.

Жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының ЗА консолидациясы нәтижесінде БЖЗҚ ЗА көлемі 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 963,68 млрд. теңгені құрады. 2014 жылғы 1 сәуірден бастап 2014 жылғы 30 қазан аралығындағы кезең үшін БЖЗҚ ЗА 394,36 млрд. теңгеге немесе 9,95 % ұлғайды, оның 77,29 млрд. теңгесі есептелген инвестициялық табысты құрады.

Көрсетілген кезең үшін (сәуір-қазан) ЗА шартты бірлігінің өсімі 1,43 % құрады. Мұнымен бірге осы кезең үшін жинақталған құнсыздану деңгейі 2,9% құрады.

Аталған кезең үшін БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелін өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 5,15%-дан бастап жылына 7,48%-ға дейін артты.

### Соңғы ай үшін БЖЗҚ ЗА портфелі бойынша туындаған өзгерістер

2-кесте. 2014 жылғы қазанда зейнетақы активтерін инвестициялау

Эмитент	Валюта	Көлемі, млрд. теңге	сатып алу орташа алынған кірістілігі, жылына %
Депозиттер	KZT	60,00	9,53%
ҚР облигациялары	KZT	1,23	9,57%
Еурооблигациялар	USD	71,79	7,17%
<b>Жиынтығы</b>		<b>133,02</b>	<b>8,26%</b>

## **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары**

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР МБҚ құрайды, олардың көлемі есепті айда 28,52 млрд. теңгеге азайды және 2 064,38 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 47,37 % құрады.

Есепті кезеңде жалпы сомасы 31,17 млрд. теңгеге ҚР МБҚ сатылған болатын. Мұнымен бірге есепті кезеңде ҚР МБҚ сатып алулар және өтеулер болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,13 %-дан бастап жылына 7,39 %-ға дейін ұлғайды.

## **Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есепті айда шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемі 24,39 млрд. теңгеге төмендеді және 88,49 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 2,63 %-дан 2,03%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде шамамен 18,03 млрд. теңге мөлшерінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатылған болатын. Мұндайда БЖЗҚ ЗА портфелінде 5,43 млрд. теңге сомасында шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтелді. Аталған бағалы қағаздарды сатып алулар болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 1,84%-дан бастап жылына 1,67%-ға дейін азайды.

## **Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары**

Есепті айда Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының көлемі 0,26 млрд. теңгеге азайды және 84,16 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,96% -дан 1,93% -ға дейін азайды.

Есепті кезеңде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,40% -дан жылына 7,37%-ға дейін азайды.

## **Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер**

Есепті айда ЕДБ салымдардың көлемі 62,09 млрд. теңгеге артты және 714,20 млрд. теңгені құрады. Портфелдегі олардың үлесі 15,17%-ден бастап 16,39%-ға дейін ұлғайды.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі жылына 9,53% құрайтын жалпы көлемі 60 млрд. теңгеге ЕДБ ұзақмерзімді салымдарына орналастырылған болатын. Мұнымен бірге БЖЗҚ ЗА портфелінде жалпы сомасы шамамен 2,65 млрд. теңгеге ЕДБ салымдары өтелді.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,66 %-дан бастап 8,74%-ға дейін ұлғайды.

## **ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары**

Есепті айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының көлемі 25,70 млрд. теңгеге артты және 910,48 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 20,59%-дан 20,89%-ға дейін ұлғайды.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілік жылына 5,50% құрайтын жалпы көлемі 27,63 млрд. теңгеге ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынған болатын. Мұндайда теңгеге номинацияланған ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары 1,23 млрд. теңгені құрады (орташа алынған кірістілік - жылына 9,57%). АҚШ долларына номинацияланған ҚР эмитенттерінің облигациялары 145,51 млн. АҚШ долларын (шамамен 26,40 млрд. теңге) құрады, орташа алынған кірістілік - жылына 6,21%.

Мұндайда БЖЗҚ ЗА портфелінде 1,06 млрд. теңге сомасына ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары өтелді. ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатылмады.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,31%-дан бастап 10,45% -ға дейін ұлғайды.

### **Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының көлемі 44,93 млрд. теңгеге артты және 99,25 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,26%-дан 2,28%-ға дейін артты.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілік жылына 8,25% құрайтын жалпы көлемі 249,95 млн. АҚШ доллары (шамамен 45,39 млрд. теңге) болатын шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатып алынған болатын. Мұндайда, БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеу және сату болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 4,73%-дан бастап 6,37% -ға дейін ұлғайды.

### **Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) көлемі 52,66 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,38%-дан бастап 1,21%-ға дейін азайды.

Қазан айында көлемі 7,77 млрд. теңгеге PPN өтелген болатын.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатып алулар және сатулар болған жоқ.

### **ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 16,28 млрд. теңгеге азайды және 150,34 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 3,88%-дан бастап 3,45%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынған және сатылған жоқ.

### **Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 1,10 млрд. теңгеге азайды және 10,76 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 0,28%-дан бастап 0,25%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алулар және сатулар болған жоқ.

### **Туынды қаржы құралдары**

2014 жылғы қазан айында сомасы 550,00 млн. АҚШ долларына «Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі» АҚ-мен жеткізілмейтін форвард бойынша қосымша мәмілелер жүзеге асырылған болатын.

## Валюталар бойынша БЖЗҚ ЗА портфелін құрылымдық үлестіру

3-кесте. Валюталар бөлігінде БЖЗҚ ЗА портфелінің құрылымы

Валюта	01.04.14 жылға ағымдағы құн, млрд. тенге	01.04.14 үлесі	01.10.14 жылға ағымдағы құн, млрд. тенге	01.10.14 үлесі	01.11.14 жылға ағымдағы құн, млрд. тенге	01.11.14 үлесі	Соңғы айда өсуі/төмендеуі %
Ұлттық валюта	3 281,63	82,79	3 773,65	87,81%	3 826,82	87,81%	1,41%
АҚШ доллары	434,1	10,95	476,75	11,09%	486,87	11,17%	2,12%
Тазартылған алтын	169,01	4,26	0,00	0,00%	0,00	0,00%	0,00%
Ресей рублі	34,81	0,88	33,59	0,78%	31,24	0,72%	-7,01%
Малазия рингиттері	3,34	0,08	3,35	0,08%	3,34	0,08%	-0,45%
Еуро	1,39	0,04	1,08	0,03%	0,99	0,02%	-8,89%
Ағылшын фунт стерлингі	1,92	0,05	1,86	0,04%	1,69	0,04%	-9,00%
Бразилия реалдары	26,34	0,66	3,01	0,07%	3,06	0,07%	1,34%
Мексика песосы	0,31	0,01	0,28	0,01%	0,28	0,01%	0,34%
Қытай юані	3,73	0,09	3,82	0,09%	3,76	0,09%	-1,53%
<b>Жиыны</b>	<b>3 963,68</b>	<b>100,00%</b>	<b>4 297,40</b>	<b>100,00%</b>	<b>4 358,04</b>	<b>100,00%</b>	<b>1,41%</b>

### Инвестициялық қызметтің нәтижелері

2014 жылғы қазан айы үшін БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша есептелген инвестициялық табыс 8,35 млрд. теңгені құрады.

Инвестициялық табыс/шығын құрылымы:

- ✓ Екінші деңгейдегі банктердегі инвестициялық табыс 4,81 млрд. теңгені құрады.
- ✓ Бағалы қағаздар бойынша инвестициялық табыс 6,86 млрд. теңгені құрады.
- ✓ «Кері РЕПО» операциялары бойынша инвестициялық табыс 52,50 млн. теңгені құрады.
- ✓ Валюталық шоттардан инвестициялық шығын 507,44 млн. теңгені құрады.
- ✓ Туынды құралдардан түскен инвестициялық шығын 2,87 млрд. теңгені құрады.

2014 жылғы қазан үшін БЖЗҚ шартты зейнетақы бірлігінің өсу қарқыны 0,14% құрады.

2014 жылдың басынан бастап БЖЗҚ шартты зейнетақы бірлігінің өсу қарқыны 4,79% құрады.

### Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімді басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үйлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі ұйғарынды деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды.

4-кесте. 01.11.2014 жылғы жағдай бойынша инвестиция нысандарының тізбесі және лимиттері

№ р/с	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызда)	Талаптардың орындалуы (иә/жоқ)
	<b>Ақшалай қаражат</b>	<b>3,57%</b>	иә
	<b>Борыштық құралдар</b>	<b>75,58%</b>	иә
1	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмитенттелген бағалы қағаздарды қоса алғанда), сонымен қатар «Кері РЕПО» операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды қоса алғанда қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар.	47,39%	иә

	шетелдік мемлекеттердің орталық үкіметтерімен шығарылған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, оның ішінде:	2,03%	иә
2	1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес тәуелсіз рейтингісімен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингісі;	1,52%	иә
	2) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» бастап «B» дейінгі тәуелсіз рейтингісімен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингісі;	0,51%	иә
3	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған облигациялар	0,12%	иә
4	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, оның ішінде:	9,83%	иә
	1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар немесе «Standard&Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;	0,00%	иә
	2) жалған мемлекеттік сектордың субъектілерімен шығарылған борыштық бағалы қағаздар;	6,71%	иә
	3) Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген кепілдемесі немесе мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;	0,69%	иә
	4) Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар.	2,43%	иә
5	Келесі халықаралық қаржы ұйымдарымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар: – Халықаралық Қайта құру және Даму банкі; – Еуропалық Қайта құру және Даму банкі; – Америкааралық даму банкі; – Халықаралық есеп банкі; – Азиялық Даму банкі; – Африкалық даму банкі; – Халықаралық қаржы корпорациясы; – Ислам Даму банкі; – Еуропалық инвестициялық банкі; – Еуразия Даму банкі	1,93%	иә
6	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, оның ішінде:	2,28%	иә
	1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,29%	иә
	2) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» бастап «B» дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	1,99%	иә
7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдарымен шығарылған Principalprotectednotes.	1,21%	иә
<b>Үлестік құралдар</b>		4,16%	иә
8	Қазақстан Республикасы ұйымдарымен және шетелдік ұйымдармен шығарылған үлесті бағалы қағаздар, оның ішінде:	3,70%	иә
	1) Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған жай және артықшылықты акциялар, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акцияларға депозитарлық қолхаттар;	3,47%	иә
	2) шетелдік ұйымдар шығарған жай және артықшылықты акциялар, шетелдік ұйымдар шығарған акцияларға депозитарлық қолхаттар;	0,23%	иә
<b>Екінші деңгейдегі қаржы құралдары, салымдарды қоса алғанда</b>		<b>29,25%</b>	иә
<b>Басқа құралдар</b>		<b>-0,05%</b>	иә
10	Лондондық бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері	0,00%	иә
11	Туынды қаржы құралдары, қоса алғанда, алайда мұнымен шектелмейтін базалық активтері болып зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары, шетел валютасы, мынадай есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер) табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар:	-0,05%	иә
	1) Егер туынды қаржы құралдары инвестициялық тәуекелді хеджирлеу үшін пайдаланылатын болса;	-0,05%	иә

	2) Есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер): 1. MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index); 2. DAX (Deutscher Aktien index); 3. CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index); 4. NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index); 5. TOPIX (Tokyo Price Index); 6. HSI (Hang Seng Index); 7. ENXT 100 (Euronext 100); 8. RTSI (Russian Trade System Index); 9. DJIA (Dow Jones Industrial Average); 10. S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index); 11. FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index); 12. KASE (Kazakhstan Stock Exchange); 13. MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index).	0,00%	иә
<b>Валюталық нетто-позиция</b>		<b>12,20%</b>	иә
12	АҚШ доллары, Еуро, Ағылшын фунт стрелингілеріндегі ашық валюталық позиция	11,23%	иә
13	Басқа валюталар бойынша ашық валюталық позиция	0,97%	иә